

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Абайдың «Жидебай-Бөрілі» Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы арасындағы ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы-ректор Ердембеков Бауржан Амангельдыевич бір тараптан және «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры Шаңбай Тұрдықұл Қасенұлы екінші тараптан (бұдан әрі – «Тараптар»), тараптардың өзара мүдделілігін негізге ала отырып ғылым аясында тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, ұлттың мәдени, әдеби мұрасын зерттеу, сонымен бірге ғылыми байланыстарды нығайту мақсатында өзара шығармашылық ынтымақтастық Меморандумға қол қойды. Тараптар келесі бағыттарда бірлесіп өзара ынтымақтастыққа қолайлы жағдай жасауға келісті:

1 бап

- 1.1. ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Тараптардың бірлескен жобаларын жүзеге асыру;
- 1.2. Ғылыми-мәдени және білім беру жобаларын бірлесіп әзірлеу және жүзеге асыру;
- 1.3. Бірлескен ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу және өткізу;
- 1.4. Бірлескен ғылыми бағдарламаларды ұйымдастыру; сонымен қатар тарих, өнер және музей ісі саласындағы материалдармен және нәтижелермен (жетістіктермен) қамтамасыз ету;
- 1.5. Бірлескен көрмелер ұйымдастыру;
- 1.6. Жұмыс кездесулерін ұйымдастыру;
- 1.7. Тараптар өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында тағылымдаманы ұйымдастыру шеңберінде ғалымдар мен мамандардың алмасуы;
- 1.8. Ғылыми ақпараттармен, құжаттамамен, әдебиеттермен және библиографиялық басылымдармен алмасу;
- 1.9. Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа түрлерін пайдалану.

2 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен толықтырулар

енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы керек.

3 бап

Тараптар ынтымақтастықтың нақты мәдени бағдарламалары мен жобаларын іс жүзінде іске асыру, жекелеген екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады және қаржыландырылады деп келісті.

4 бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес қаралуға жатады.

5 бап

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың келісімі негізінде тиісті хаттамаға сәйкес рәсімделеді.

6 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады.

7 бап

Келісім қазақ тілінде екі тарап үшін бірдей заңды күші бар 2 (екі) данада жасалды.

<p>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Қазақстан Республикасы, ШҚО, 071412, Семей қ. Танирбергенов к-сі, 1. Тел: 7(7222) 31 60 29 БСН 130840007973 БСК ALMNKZKA ЖСК KZ126010261000182423</p>	<p>ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби- мемориалдық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ҚР, ШҚО, Семей қ., Қ.Мұхамедханов к., 29 үй. БСН 980440001649 Тел.: 8-7222-52-38-52, 8-7222-52-43-57 e-mail: abai-museum@mail.ru</p>
<p>Басқарма төрағасы - ректор Ердембеков Б. А.</p>	<p>Директор Шаңбай Т. К.</p>
<p>Күні: « _____ » _____ 20__ ж.</p>	<p>Күні: « _____ » _____ 20__ ж.</p>

